

Сабырбек Ж.Б., PhD докторы, **Таганова Н.П.**, аға оқытушы, **Түргенбаева А.Ш.**, оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Дене тәрбиесі және спорт кафедрасы, Алматы қаласы

МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ ЖӘНЕ МҮГЕДЕК СТУДЕНТТЕРДІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ КӨМЕГІМЕН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ШАРАЛАРЫ

Аталған мақалада авторлар денсаулық мүмкіндіктері шектеулі және мүгедек студенттері дене тәрбиесі мен спорттың көмегімен әлеуметтендіру мәселелеріне тоқталған.

В данной статье авторы затрагивают вопрос социализации студентов с ограниченными возможностями здоровья и инвалидов с помощью физической культуры и спорта.

In this article authors raise the question of socialization of students with limited opportunities of health and disabled people by means of physical culture and sport.

Жоғары оқу орнындағы дене тәрбиесі және спорт бәсекеге қабілетті қазіргі заманғы жас мамандардың жалпы және кәсіби мәдениетін қалыптастырудағы ұлттық бағдарламаның ажыратылмас бөлігі болып табылатыны сөзсіз. Ұлттық университеттегі барлық мамандықтарда білім алушы студенттерге міндетті оқу пәні ретінде, спорттық секциялар түрінде өткізілетін дене тәрбиесі және спорт пәні ағзаның дене дайындығын арттыруды қамтамасыз етумен қатар, студенттердің кәсіби дайындығы барысында олардың физиологиялық және психофизикалық қалыптарын жақсартады, саналы түрде салауатты өмір салты мәдениетіне тәрбиелейді, жан-жақты дамыған жеке тұлғалық қасиеттерінің дамуының қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті еліміздегі бәсекеге қабілетті мамандар дайындайтын негізгі білім ордасы болумен қатар, студенттік спортты үлгі етерлік университет болып табылады. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт» Заңы және «Қазақстан-2050» Стратегиялық бағдарламасы негізінде университет студенттерінің оқу процесі барысында дене тәрбиесінің және спорт бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз етуде де ҚазҰУ еліміздің жоғарғы оқу орындары арасындағы көшбасшы болып табылады. Университет ҚР жоғары оқу орындары арасында заман талабына сай ең мықты спорттық базаға ие. Мұнда спорттың 30 түрі бойынша спорттық секциялар жұмыс жасайды. Қырғызстанның Ыстықкөл жағалауында университеттің оқытушылар мен профессорлар құрамы, студенттері, қызметкерлері және жалпы демалушыларға бос уақыттарын тиімді пайдалануға арналып барлық жағдайлар жасалынған спорттық-сауықтыру лагері тағы бар.

ҚазҰУ спортпен кәсіби түрде айналысатын студенттерден басқа жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру жолында спортқа баулу мақса-

тында оқу жылы барысында жыл сайын спорттың әр түрінен 40-қа жуық түрлі деңгейдегі жарыстар 9000-ға жуық университет студенттерін қамтылуымен өткізіліп тұрады. Аталған жарыстарды дәстүрлі түрде өткізу ҚазҰУ дене тәрбиесі және спорт кафедрасының бастамасымен университет басшыларының, оқытушылар мен профессорлар құрамының, студенттердің белсенді қолдауымен жүргізіледі. Салауатты өмір салтының принциптерін ұстана отырып, кафедра оқытушылары өзінің спорттық-жаттықтырушылық жоғарғы біліктіліктерін пайдалана отырып, барлық студенттерді сауықтыру мақсатында жоғарғы деңгейде өткізілетін «Ректор кубогы», «Денсаулық спартакиадасы», факультет-аралық жарыстар, жатақхана аралық спартакиадалар және әртүрлі спорттық жарыстар, атаулы турнирлер, мерекелер мен іс-шараларға байланысты сайыстар дені сау ұрпақ дайындау бағытындағы мақтануға тұрарлық іс деп білеміз.

ҚазҰУ дене тәрбиесі және спорт кафедрасы қазіргі таңда университеттегі мүмкіндігі шектеулі және мүгедек студенттердің бейімдік дене тәрбиесімен айналысуына, жоғарғы оқу орнында кәсіби білім алу жағдайында олардың денсаулықтарының деңгейін артуды жолында, яғни, физикалық мүмкіндіктері әртүрлі студенттер арасында гуманизмге және бір-бірілеріне деген сыйластыққа, құрметке негізделген толерантты қарым-қатынас моделін құруда жана бастама көтеріп отыр. Кафедрада 2012-2013 оқу жылынан бастап, «Жоғарғы оқу орнында кәсіби білім алушы барысында мүмкіндіктері шектеулі және мүгедек студенттердің коммуникативті және жеке бастылық потенциалының дамуына бейімдік дене тәрбиесі мен спорт технологиясын құрудың ғылыми негіздемесі» атты жоба бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жоба жетекшісі п.ғ.д., профессор Е.А. Алимхановтың басшылығымен кафедра оқытушылары аталған тақырып бойынша университеттегі білім алушы мүмкіндігі шектеулі және мүгедек студенттер туралы ақпараттар жинақтап, оларды талдап алдағы жұмыстың міндеттерін анықтады.

Өрине, аз уақыттың ішінде аталған күрделі мәселені шешу мүмкін емес. Мүмкіндігі шектеулі және мүгедек студенттердің әлеуметтену мәселесін шешудегі жұмыс ауқымын олардың университет қабырғасына келіп түскен кезеңнен бастап қарастыру керек. Мұндай балалардың жана білім алу түріне және жаңа ұжымға сәтті бейімделуі үшін әлеуметтік педагогтардың, психологтардың, куратор-эдвайзерлердің көмегімен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізулері қажет. Мамандардың кәсіби, арнайы әдістемелер негізінде жасалған жұмыстары мүмкіндігі шектеулі және мүгедек студенттердің ешқандай қиындықсыз үлкен ұжымға еніп, онда өздерін еркін әрі жайлы сезінуіне мүмкіндік береді.

Қазіргі таңдағы дене тәрбиесі және спорт кафедрасының аталған жоба бойынша негізгі бағдары келесі бағыттарда жүргізілуде:

- білім алу барысында тұлғаның дамуына әлеуметтік-психологиялық бейімделуге сараптама жасау негізінде әдістемелік нұсқаулар ұсыну;
- бейімділік дене тәрбиесімен және арнайы спорт түрлерімен айналысу үшін қажетті санитарлы-гигиеналық залдарды арнайы жабдықтау;